

УДК 376.42
МРНТИ 14.29.23

Ә.Б. Серікбаева¹, С.С. Жақипбекова²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
¹Алматы, Қазақстан

ВЕБ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада психикалық дамуы тежелген балалардың логикалық ойлауын дамытуда веб – технологияларды қолдану мүмкіндіктерінің зерттелу мазмұны ұсынылды. Психикалық дамуы тежелген балалардың дамуындағы басты бұзылыс психикалық процестердің даму қарқынының баяулауы сипатында болатындықтан оны тиімді әдістер арқылы ынталандыру түзету жұмыстарының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Осыған орай мақаланың аясында психикалық дамуы тежелген балалардың логикалық ойлауының дамуының ағымдағы жағдайына баға беріліп, оны дамытудағы веб – технологиялардың тиімділігі эксперименталды түрде сынақтан өткізілді.

Психикалық дамуы тежелген балаларды зерттеу өткен ғасырдың үшінші ширегінен басталды. Ең алдымен аталған бұзылысты зерттеу балалардың когнитивті қызметтерінің даму қарқынының баяулығына қатысты екендігі расталды. Ал, психикалық дамуы тежелген балалардың санының артуы мен оларды түзету жұмысына деген асқан қажеттілік ағымдағы ғасырдың соңғы онжылдығына тиесілі болып келеді. Бұл – біздің тақырыптың өзектілігін айқындайтын тұжырымдардың бірі.

Психикалық дамудың тежелуі педагогикада Г.Е. Сухарев, Н.Л. Блинова, В.И. Лубовский, К.С. Лебединская және тағы басқа авторлардың еңбектерінде кездеседі. Авторлар өз еңбектерінде психикалық дамуы тежелген балалардың психикалық процесстерінің ішінде логикалық ойлаудың даму бұзылыстарына ерекше мән бере отырып сипаттаған болатын. Деректерге сүйенсек, олардың логикалық ойлауы онтогенез барысында кеш қалыптасады, логикалық байланыстар және оларды ойлау әрекетіне үйлестіру төмен деңгейде болады. Сондықтан, ойлауды дамыту жұмыстары кезіндегі маңызды бағыттардың бірі логикалық ойлау болып табылады.

Кілттік сөздер: психикалық дамудың тежелуі, ойлау, логикалық ойлау, веб – технологиялар, ақпараттық құралдар.

Серикбаева А.Б.¹, Жақипбекова С.С.²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан

РАЗВИТИЕ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ДЕТЕЙ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ С ПОМОЩЬЮ ВЕБ – ТЕХНОЛОГИЙ

Аннотация

В данной статье представлено содержание изучения возможностей использования веб – технологий в развитии логического мышления детей с задержкой психического развития. Поскольку основное нарушение в развитии детей с задержкой психического развития носит характер замедления темпов развития психических процессов, стимуляция его эффективными методами является одной из важнейших задач коррекционной работы. В этой связи в рамках статьи дана оценка текущего состояния развития логического мышления детей с задержкой психического развития, экспериментально апробирована эффективность веб – технологий в его развитии.

Изучение детей с задержкой психического развития началось с третьей четверти прошлого века. Прежде всего, было подтверждено, что исследование указанного расстройства связано с более

медленными темпами развития когнитивных функций у детей. А увеличение числа детей с задержкой психического развития и повышенная потребность в коррекционной работе приходится на последнее десятилетие текущего века. Это один из выводов, определяющих актуальность нашей темы.

Задержка психического развития встречается в педагогике в работах Г.Е. Сухарева, Н.Л. Блиновой, В.И. Лубовского, К.С. Лебединской и других авторов. Авторы описали в своих работах среди психических процессов детей с задержкой психического развития, придавая особое значение нарушениям развития логического мышления. согласно данным, их логическое мышление формируется поздно в ходе онтогенеза, логические связи и их координация в мыслительной деятельности находятся на низком уровне. Поэтому одним из важных направлений при работе по развитию мышления является логическое мышление.

Ключевые слова: задержка психического развития, мышление, логическое мышление, веб – технологии, информационные инструменты.

Serikbayeva A.B.¹, Zhakipbekova S.S.²

*¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan*

DEVELOPMENT OF LOGICAL THINKING OF CHILDREN WITH MENTAL RETARDATION USING WEB TECHNOLOGIES

A

This article presents the content of the study of the possibilities of using web technologies in the development of logical thinking of children with mental retardation. Since the main disorder in the development of children with mental retardation has the character of slowing down the pace of development of mental processes, stimulating it with effective methods is one of the most important tasks of correctional work. In this regard, the article assesses the current state of the development of logical thinking of children with mental retardation, experimentally tested the effectiveness of web technologies in its development.

The study of children with mental retardation began in the third quarter of the last century. First of all, it was confirmed that the study of this disorder is associated with slower rates of cognitive development in children. And the increase in the number of children with mental retardation and the increased need for correctional work falls on the last decade of this century. This is one of the conclusions that determine the relevance of our topic.

Mental retardation occurs in pedagogy in the works of G.E. Sukharev, N.L. Blinova, V.I. Lubovsky, K.S. Lebedinskaya and other authors. The authors described in their works among the mental processes of children with mental retardation, attaching special importance to violations of the development of logical thinking. according to the data, their logical thinking is formed late in the course of ontogenesis, logical connections and their coordination in mental activity are at a low level. Therefore, one of the important directions in the development of thinking is logical thinking.

Keywords: mental retardation, thinking, logical thinking, web technologies, information tools.

Кіріспе. Психикалық дамуы тежелген балалар ерекше білімді қажет ететін балалар тобының психофизикалық бұзылысы бар балалар санатының біріне жатады (I топ). Бұл санаттағы балалар алғашқы зерттелу XX ғасырдың 60 жылдарында басталды. Зерттеулер нәтижесінде психикалық дамудың тежелуінің зияты зақымдану жағдайынан нақты айырмашылықтарды көрсетіліп, дербес бұзылыс ретінде қарастырыла бастады [1].

К.С. Лебединская психикалық дамуы тежелуінің этиологиясына байланысты жіктемесін әзірлеп, бүгінгі таңда ең жиі қолданылатын жіктемені ұсынды. Оған сай психикалық дамудың тежелуі конституционалды текті ПДТ, самотогенді текті ПДТ, психогенді текті ПДТ және церебральды – органикалық ПДТ топтарына бөлінеді.

Психикалық дамуы тежелген балалардың психикалық процесстерінің ішінде логикалық ойлауға аса назар аудару қажет. Себебі, логикалық ойлау балалардың ойлау әрекетін сөйлеумен байланыстырушы «көпір» ретінде қызмет етеді. Осыған сәйкес, логикалық ойлауды дамыту және оны дамыту

әдістемесін толықтыру өзекті міндеттерді бірі. Логикалық ойлауды дамытудың дәстүрлі әдістерінен бөлек бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар да қолданылады. Ақпараттық технологиялардың ішінде веб – технологияларды ерекше атап өтуге болады [2].

Веб – технологияларды қолдану және сол арқылы логикалық ойлауды дамыту жұмысының мәні мен мазмұны төменгі бөлімдерде толығырақ сипатталады.

Әдебиеттерге шолу. Білім алуда, белгілі бір дағдыларды игеруде қиындықтары бар балалардың негізгі себептерінің бірі қалыпты жағдаймен салыстырғанда жеке тұлғаның психикалық дамуының ерекше жағдайы болып табылады, ол арнайы педагогикада «психикалық дамудың тежелуі» (ПДТ) деп аталады. Әрбір білім алуда қиындықтарға тап болған бала психикалық дамудың артта қалуы жағдайымен сипатталады [3].

Жалпы алғанда, психикалық дамудың тежелуі мәні келесідей: ойлау, есте сақтау, зейін, қабылдау, сөйлеу, адамның эмоционалды – сауық саласының дамуы нормадан артта қалумен сипатталады. Психикалық және танымдық мүмкіндіктердің шектеулері балаға қоғам оған қоятын міндеттер мен талаптарды сәтті шешуге мүмкіндік бермейді. Әдетте, бұл шектеулер алғаш рет бала мектеп жасына дейінгі мекемеге келгенде немесе оған дейін ата – анасына айқын байқалуы мүмкін [4].

Психикалық дамуы тежелген балаларда ойын әрекеті ұзақ уақыт бойы жетекші әрекет түрі болып қала береді. Бұл категориядағы балаларда мектеп жасына дейінгі кезеңнің соңында оқуға деген дайындық мүлдем қалыптаспайды. Сонымен қатар, балаларда зейіннің бұзылысы, шоғырлана алмауы, зейіннің ауысымдылығының төмендеуі мен бөлінуінің қателіктері айқын байқалады.

Мектеп жасына дейінгі психикалық дамуы тежелген балаларда агрессияның басымдығы мен ерік – жігер саласының әртүрлі деңгейдегі қиындықтары білінеді және бұл олардың қарым – қатынас мен әлеуметтенуіне кері әсер етеді [5].

Баланың оқу қиындықтары, әдетте, мінез-құлықтағы ауытқулармен қатар жүреді. Жүйке жүйесінің функционалды жетілмегендігіне байланысты баланың эмоционалды саласы жиі агрессивті және аффективті сипатта болады. Бала өте ашушаң, импульсивті, балалармен үнемі қақтығысады немесе, керісінше, шектеулі қарым-қатынасқа ие, ұялшақ болады, нәтижесінде балалар мұндай баланы өз орталарынан алшақтатып, балада әлеуметтенудің қиындықтары екіншілік бұзылыс ретінде қатар дамиды. Созылмалы бейімделу жағдайы ретінде сипатталатын қоршаған ортамен осындай қарым – қатынастан бала педагогикалық көмексіз өздігінен шыға алмайды [6].

Мұндай балалармен жұмыс істейтін педагог баланың психикалық саласының ғана шектеулерін көріп қана қоймай, сонымен бірге ПДТ оқушылардың әлеуетін дұрыс бағалауы керек: жеке көмек (қосымша түсініктеме) арқылы олар оқу ақпаратын дұрыс түсінеді, ұсынылған көмекті барабар пайдаланады. Жүйелі түзету қолдауы, зияткерлік ынталандыру, жалпы қалпына келтіру жағдайында психикалық дамуы тежелген балаларды тиімді дамыту ықтималдығы басым.

Ұзақ мерзімді клиникалық, психологиялық педагогикалық зерттеулердің нәтижесінде бұл бұзылыстың мәні мен құрылымы, оның белгілері, этиологиясы анықталды. ПДТ жағдайы ауытқулардың дәрежесі мен сипаты бойынша сараланады [7].

Т.А. Власова, М.С. Певзнер, К.С. Лебединская және т. . жүргізген клиникалық және психологиялық зерттеулер психикалық дамудың тежелуінің төрт генезистік түрін бөлуге мүмкіндік берді:

- конституциялық ПДТ;
- соматогенді ПДТ;
- психогендік ПДТ;
- церебральды – органикалық ПДТ [8].

Жоғарыда атап өткендей психикалық дамуы тежелген балалардың логикалық ойлауы қалыптыдан төмен деңгейде дамиды. Нақты сипаты бойынша айтар болсақ, балалар

Зерттеу әдістері және материалдары. Зерттеу жұмысы 2023 жылдың екінші жартысында Алматы қаласы, Қарасай ауданы «А.С. Макаренко атындағы орта мектебі» КММ базасында өткізілді. Зерттеу жұмысына психикалық дамуының тежелуінің әртүрлі формасына ие 30 оқушы қатысты. Оқушылардың логикалық ойлауының даму деңгейін анықтау мақсатында бастапқы тексеру жұмыстары өткізілді. Тексеру жұмысы кезінде мына әдістер қолданылды:


1. «Мұнда не жетіспейді?» әдісі (Т. В. Чередникова) [9];
2. «Мағынасыз сурет» әдісі (Р.С. Немов) [10];
3. «Артығын тап» әдісі (В.С. Мухина) [11].

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу жұмысының барысында сынақтан өткізілген әдістердің нәтижелері сандық және сапалық негізде талдаудан өтті. Логикалық ойлаудың дамуын тексеруге арналған «Мұнда не жетіспейді?» әдісі кезінде балаларға бір бөлігі жетіспейтін суреттер ұсынылады. Бала суреттің жетіспейтін бөлігін атап, оны таңдаудағы логиканы ауызша түсіндіріп өтеді. Әдістің нәтижелері балалардың дұрыс тапқан сөздер санына қарай шығарылады. Жалпы саны 9 сурет берілді. Топтағы 17 оқушы (56 %) 0-3 суретке дұрыс жауап бере отырып, 1 балл иеленді. Ал, қалған 13 оқушы (44%) 4-6 суреттің жетіспейтін бөлігін дұрыс атау арқылы 2 баллға ие бола алды. Тапсырманы орындау барысында 7-9 суретті дұрыс тапқан оқушы анықталмады. Баллдар сәйкесінше, жеткіліксіз, орташа және жеткілікті деңгейлер бойынша бағаланды.

Келесі «Мағынасыз сурет» әдісі барысында белгілі бір логикаға құрылған қате суреттер ұсынылады. Балалар бұл суреттердің қателерін таба отырып, оны ауызша атап түсіндіреді. Әдістің барысында балаларды бағалау әдістің техникасына сай жоғары, орташа және төмен деңгейлерге бөлінді. Барлық суреттердегі қателіктерді дұрыс тапқан оқушы жоғары деңгейге ие болса, 4-9 суретті атап көрсете алған оқушы орташа деңгейге сай болды. Қалған нәтижелерді төмен көрсеткіш арқылы қарастыру ұсынылды. Нәтижесінде топтағы 18 оқушы (60%) төмен, 12 оқушы (40%) орташа көрсеткіш бойынша тіркелді.

«Артығын тап» деп аталатын үшінші әдіс барысында да төмен көрсеткіштер байқалды. 56% төмен және 44 % орташа нәтиже байқалды.

Бастапқы сынақтан өткізу жұмысының нәтижелерін төменгі суретте ұсынамыз.




Сурет 1 – Бастапқы көрсеткіштер

Зерттеудің бастапқы көрсеткіштерін ескере отырып, психикалық дамуы тежелген балалардың логикалық ойлауын дамыту мақсатында түзету жұмысының фрагменттеріне веб – технологиялардың элементтері кіріктірілді. HTML және CSS базасына негізделген ойындар мен ойын тапсырмалары сабақтар барысында 7-10 минут көлемінде қолданылды. Веб – технологияларды қолдану психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшеліктеріне байланысты бірқатар талаптарға ие болады. Атап айтқанда, бұл талаптар ең алдымен веб – технологияларды қолдану уақытын шектеу және оңтайландыруға қатысты болып табылады. Веб – технологияларды қолдану барысында үнемі ересек адамның сүйемелдеуі және техникалық талаптардың сақталуы маңызды [12].

Сонымен, жүргізілген әдістерден кейін өткізілген қайталама сынақтан кейінгі нәтижелерді төменгі суреттер мен кестелерде ұсынамыз:

Әдістер	Жоғары		Орташа		Төмен	
	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін
Мұнда не жетіспейді?	0	0	44	63	56	37
Артығын тап	0	0	44	56	56	44
Мағынасыз сурет	0	0	40	60	60	40



Сурет 2 – Қорытынды көрсеткіштер

Нәтижелер және оларды талқылау. Логика – адамның саналы іс-әрекетін басқаратын ойлау қызметі. Логикалық ойлауы дамыған оқушының қабілеттері тек қана өмірлік жағдайларда ғана емес, сонымен қатар, оқу қызметі кезінде де жылдам және өнімді нәтижелерде көрсетуге ықпал етеді. Жоғарыда сипатталған эксперимент барысынан аңғарғандай, психикалық дамуы тежелген оқушылардың логикалық ойлауының экспериментке дейінгі даму көрсеткіштері төмен болды. Алынған көрсеткіштерді төмен және дамыту қажет деп баға бере отырып, оны дамыту жұмысы жүргізілді. Дамыту жұмысы жеке сабақ формасында дәстүрлі сабақ барысына веб – технологияларды қолдану арқылы ұйымдастырылды. Түзету жұмысынан кейін психикалық дамуы тежелген балалардың нәтижелері бастапқыға қарағанда дами түсті.

Қорытынды. Сонымен, мақала барысында психикалық дамуы тежелген оқушылардың логикалық ойлауының даму ерекшеліктеріне талдау жасалды. Даму ерекшеліктерін айқындай отырып, оны веб – технологиялар арқылы дамыту мүмкіндіктері сипатталды. Қорыта айтқанда, психикалық дамуы тежелген балалардың логикалық ойлауын дамыту веб – технологиялар арқылы тиімді іске асырылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- [1] Дети с задержкой психического развития [Текст] / под ред. Т.А. Власовой, В.И. Лубовского, Н.А. Цыпиной; Науч.-исслед. ин-т дефектологии Акад. пед. наук СССР. – М.: Педагогика, 1984. – 256 с.
- [2] Лебединский В.В. Нарушения психического развития у детей [Текст] : Учебное пособие / В.В. Лебединский. – М.: Издательство Московского университета, 1985. – 148 с.

- [3] Айтбаева А.Б. Арнайы педагогика негіздері: оқу құралы / А.Б. Айтбаева, - Алматы: Нур-Принт, 2014. - 128 бет.
- [4] Актуальные проблемы диагностики задержки психического развития / под ред. К.С. Лебединской. - М., 1982. - 127 с.
- [5] Лисина М.И. Общение, личность и психика ребенка [Текст] / М.И. Лисина. - М.: Генезис, 2003. - 384 с.
- [6] Башаева Т.В. Энциклопедия воспитания и развития дошкольника [Текст] / Т.В. Башаева, Н.Н. Васильева и др. - Ярославль : Академия развития, 2011. - 480 с.
- [7] Божович Л.И. Проблемы формирования личности [Текст] / Л.И. Божович. - М.: Просвещение, 2004. - 349 с.
- [8] Власова Т.А., Певзнер М.С. Дети с отклонениями в развитии. - М., 1973. - 189 с.
- [9] Чередникова Т.В. Проверьте развитие ребенка: 105 психологических тестов. - СПб.: Речь, 2017. - 304 с.
- [10] Немов, Р. С. Психология [Текст] : учеб. для студентов высш. пед. учеб. заведений: В 3 кн. / Р. С. Немов. - М.: Просвещение, 2014. - 640 с. Кн. 2. Психология образования / Р.С. Немов. - М.: Просвещение, 2014. - 640 с.
- [11] Мухина В. С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество. М.: Академия, 2002. - 452 с.
- [12] Селевко, Г. К. Современные образовательные технологии [Текст]: учебное пособие / Г.К. Селевко. - М.: Народное образование, 1998. - 256 с.

УДК 376.33
МРНТИ 14.29.29

Шайжанова Қ.Ү.¹, Сүйіндік А.М.²

¹п.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ, karlahanym.70@gmail.com

²курс магистранты aidanamaksatovna.ali@mail.ru

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА СТЖД ІІ ДЕНГЕЙІНДЕГІ БАЛАЛАРДА СӨЗДІҢ БУЫНДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада логопедиясының өзекті мәселесі – сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардағы сөздердің дыбыстық-буындық құрылымындағы бұзылыстарды анықтау жолы қарастырылған. Мектепке дейінгі балалармен логопедиялық жұмыстың негізгі бағыттары айқындалған.

Түйін сөздер: сөйлеу тілінің жалпы дамымауы; мектеп жасына дейінгі балалар; сөздің буындық құрылымы; сөйлеуді фонематикалық қабылдау; логопедиялық жұмыс.

Шайжанова Қ. Ү.¹, Сүйіндік А.М.²

¹к.п.с.н., доцент КазНПУ им.Абая, karlahanym.70@gmail.com

²магистрант 2 курса aidanamaksatovna.ali@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ СЛОГОВОЙ СТРУКТУРЫ СЛОВА У ДЕТЕЙ ІІ УРОВНЯ С ОБЩИМ НЕДОРАЗВИТИЕМ РЕЧИ В ДОШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ

Аннотация

В статье рассматривается актуальная проблема логопедии – как выявить нарушения звуко-слоговой структуры слова у детей с общим недоразвитием речи. Определены основные направления логопедической работы с детьми дошкольного возраста.